КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 9 қараша №5265-23-00-2/2370 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.А. Кененбаева,
сот отырысының хатшысы А.А.Хусаинованың отыруында, сот отырысында, сот залында, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының Абай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «Mega-Market» Мақпал Полатханқызы Сүйербекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Қ.Мінуар

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылы 18 шілдеде талап қоюшы «Шымкент қаласы Абай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Шымкент қаласы Абай ауданы әкімінің аппараты) мен дара кәсіпкер «Mega-Market» М.П.Сүйербекованың арасында №124 «Ноутбукқа арналған қуат беру блогы» бойынша 170,0 мың теңгеге мемлекеттік сатып алу шарты (бұдан әрі –Шарт) жасалған.

Жауапкер Шарт жасалғанан кейін 15 күн ішінде тауарды жеткізуге міндетті болған.

Талап қоюшы Шымкент қаласы Абай ауданы әкімінің аппараты нақтылау талап қоюын жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамағанымен, тауарларды жеткізбегенімен негіздеген. Жауапкер дара

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

кәсіпкер «Mega-Market» М.П.Сүйербекованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер талап қоюға пікірін жолдамаған.

Талап қоюшының өкілі сотта талап қоюды қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Сондықтан, сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер Шартқа отырған, міндеттеме алған, тиісінше және толық орындауға міндетті болған, кәсіпкерлік тәуекелге барған. Алайда Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған, белгіленген мерзімде тауарды жеткізбеген.

Істің мұндай тұрғысында, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді, қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226 - баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Кененбаева А. А., 16.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2023, судья Сейтжанұлы С., 09.01.2024

5265-23-3-1/2638

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы Шымкент қаласының Абай ауданы әкімінің аппаратының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Mega-Market» Мақпал Полатханқызы Сүйербекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Mega-Market» Мақпал Полатханқызы Сүйербековадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) тенге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403,404 баптарына сәйкес шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап 1 (бір) ай мерзім ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап, дәл сол мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: **А.А. Кененбаева**

Құжатқа қол қойылған: Кененбаева А. А., 16.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2023, судья Сейтжанұлы С., 09.01.2024

5265-23-3-1/2638